

Емханалық терапия және арнайы клиникалық пәндер
кафедрасы.

Пән: Коммуникатив дағдылар-2

Тақырып: Өріптестердің дәрігердің коммуникативтік бағалау әдістері.
Қ.А.Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті.

Медицина факультеті.

Дайындады: Каримова Ф. Кадиркулова Д.
Қабылдады: Жолдас Клара

Тобы: жм-110



Жоспар:

I. Кіріспе.

Дәрігер және қоғам.


II. Негізгі бөлім.

1. Адам табиғаттың тәжі.

2. Дәрігердің қоршаған ортасы.

**3. Дәрігер парызы
жауапкершілігі.**

III. Қорытынды.



Медициналық деонтология медицина қызметкерлері қызметінің моральді-этикалық негіздерін, олардың рухани және жеке қасиеттеріне қойылатын талаптарын, қоғам мен халық алдындағы жауапкершіліктерін, науқастармен, олардың туыстарымен, әріптестерімен өзара қарым-қатынастарын қамтиды. бұған дәрігердің кәсіби тұрғыдан өсу, науқастардың тілек талаптарын мейлінше қанағаттандыру мақсатымен емдеу, аурудың алдын алу мекемелерінің қызметін ұйымдастыру мәселелері жатады. «Дәрігер шеберлігі» ұғымын техникалық тәсілдер қауызына қамап қоюға болмайды. Бұл дәрігердің бойына біткен клиникалық ойлау жүйесі деп аталатын, интеллектуальді жұмыс түрінде көрінетін творчестволық үрдіс. Яғни, дәрігердің мінез құлқына, алдына келген ауруды қабылдай біліп мұқият әрі толықтай тексеруіне, лайықты қортынды жасауына тікелей қатысты нәрсе. Дәрігер ауру адамға көмек көрсетіп, оны сырқатынан айықтыруға, еңбек ету қабілетін қалпына келтіріп, ажалдан арашалап қалуға жаралған. Бұл үшін ол өз мамандығын сүйіп қана қоймай, кәсіби шеберлігін де ұдайы арттырып отыруы тиіс. Тек жеткілікті клиникалық тәжірибесі бар дәрігер ғана тиімді көмек бере алады.

• Дәрігер және науқас.



Адам табиғаттың тәжі.

- Өмір бір орында тұрмайды, ол медицинаға, дәрігерлерге барған сайын жаңа талаптар қоя береді. Медицина ғылымының жетістіктері мен соңғы он жылдықтар практикасы адам өмірі үшін күресте дәрігерлердің мүмкіндіктерін көтерді, бүгінде осыдан жиырма жыл бұрынғы үмітсіз деп саналатын көптеген сырқаттарды, оның ішінде клиникалық өлім жағдайында тұрғандарды да құтқаруға жол ашылды. Адам өмірі үшін күресте қазіргі уақытта дәрігерлердің мүмкіндік аймағы бұрынғы жасанды демалдыру мен жүректі уқалаудан жасанды қан айналымы, гипербориялық оксидинация органдарын алмастыруға дейін жетті.
- Медицинаның қандай да жетістіктерін қолдану күрделі материалдық шығындармен байланысты болады, оның үстіне ауыр сырқаттардың барлығын бірдей заманауи әдістердің көмегімен құтқарудың сәті түсе бермейді. Бірақ адам өмірі қасиетті болғандықтан, дәрігерлер ол үшін соңғы минутқа дейін күресуге тиісті. «Үмітсіз» сырқат деп аталатындардың дәрігерлік табандылық, төзімділік, емдеушінің нағыз ерлігі нәтижесінде толыққанды өмірге қайта оралған жағдайлары да аз емес. Адамды сүю парызы дәрігерден әрбір сырқат үшін, тіпті оның әр сағат өмірі үшін шексіз берілгендікпен күресуді талап етеді. Дәрігер халықтың өзі арқылы дерттен құтқарушы бар екендігін көруі тиістігін, сондай-ақ әр адам қандай ауыр жағдайға ұшырағанда да медицина мүмкін болғанның бәрін жасайтындығын білуі тиіс.





Дәрігердің қоршаған ортасы.

- Дәрігер жалғыз жұмыс істемейді. Оның әріптестері, ұжым мүшелері болады. Дәрігерлердің өзара деонтологиялық үйлесімділігі ұжым татулығының негізін құрап, оның кәсіби беделі мен берекесін арттырады. Ұжымдағы салауатты морльді-этикалық ахуал, ізгі дәстүрлерді көрсетіп, қадір тұту әр дәрігердің жеке және кәсіби қасиеттері, ортақ іске қосар және үлестері арқылы қалыптасады.
- Дәрігерлер арасындағы қарым-қатынас терең құрметке, жанашарлық пен өзара түсіністікке негізделуі тиіс.
- Әріптесіңнің сәтсіздігін түсініп, көңілін жұбатуың керек, әсіресе ол кәсіби сәтсіздікке ұшырыған немесе қарауындағы науқасқа араша түсе алмай күйзелген кезінде қолдау көрсетуің – ұжымдағы ұйымшылдық пен өзара көмек ахуалына негіз болады.
- Әр дәрігер өзінің әріптестерінен қамқор-пейілін аямай, олар үшін кез-келген жұмыс түрін атқаруға даяр болуы, “бәріміз біріміз үшін, біріміз бәрі үшін”-деген қағиданы ұстану тиіс.

- Дәрігер және әріптестері.



Дәрігер нуқасқа қарау кезінде.





Дәрігер парызы.

- Мемлекеттің адам денсаулығы туралы қамқорлығынан асқан маңызды міндеті жоқ. Мемлекет тарапынан тәуелсіздік жылдарында республика азаматтарының әл-ауқатын көтеруге және өсіп келе жатқан материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған ауқымды әлеуметтік-экономикалық шаралар, интенсивті медициналық-санитарлық жұмыстар тұрғындардың денсаулығын жақсартуға, оның ішінде сырқаттануды азайтуға, жалпы және балалар өлімін қысқартуға, туберкулезбен және басқа әлеуметтік сырқаттармен ауыруды төмендетуге барынша тырысу негізгі парыздыр. Ана мен баланың өмірін сақтауға, салауатты өмір салтын ұстауға дәрігер міндетті.



Дәрігер қадір қасиеті.

- Үстіндегі халаттың кірлеуі мен тұла-бойдағы кез-келген күтімсіздік, сөз жоқ дәрігерге бедел әкелмейді. Бұл ең алдымен этикалық нормаларға қайшы келеді, сырқаттың дәрігерге деген сеніміне кіреуке түсіреді. Өмір дәрігерге бүкіл ғұмырында және практикалық қызметінде елеулі талаптар қояды, сондай-ақ оның еңбегін ерлікке пара-пар етеді. Шынында да, дәрігер мамандығы — ерлікке тең. Ол жанқиярлықты, жан тазалығы мен діл ұлылығын талап етеді. Бұған кез келген адам қабілетті бола бермейді. Кез келген дәрігердің моральдық тұрғыдан таза бола бермейтінін де байқап қаламыз. Дәрігердің сырқаттың көз алдында бедел иесі болуы керектігіне дау жоқ. Дәрігер беделі терең кәсіби білім, сырқат адамның жеке басы ерекшеліктерін ұғына білу, оның жан азабы мен күйзелістеріне ене білу, емделушімен сыпайы тіл қатысу, неғұрлым тезірек және мүмкіндігінше толық сауығып шығуына қол жеткізу секілді жағдайлардан қалыптасады. Дәрігердің міндеттерінің бірі — өз қадір-қасиеті мен ар-ожданын биік ұстау, бұл оған деген сенім мен құрмет ахуалын орнатады. Қадір-қасиетті биік ұстау, қажет жерінде қаталдық, сонымен бірге зейінділік пен мейірбандылық — бұл дәрігер беделін көтеруге жол ашатын қасиеттер.





Ақ халатқа дақ түсірмейік.

- Ежелгі дәрігерлердің ғасырлар сынағынан өткен даналық өсиеттерін естен шығармау керек: “Өзге дәрігер жөнінде жаман пікір айтпа, өйткені әркімнің сәтті де, сәтсіз де сағаттары бар. Сенің даңқыңды сөзің емес, ісің шығарсын”-, дейді Е.А.Вагнер.
- Ақ халатты абзал жан-өзгеге шипа беретін, дертінен сауықтыратын, жанға тыныштық беретін, кішіні үлкенді сыйлайтын бір сөзбен айтқанда идеал адам. Міне осындай кейіпте дәрігер қоғам үшін.
- Сол сенімнен айрылмайық. Науқастың сеніміне ие болу, абайсыз сөзбен, не іс-әрекетпен сол сенімді үзіп алмау, дәрігердің маңызды міндеттері болып табылады. Міндеттерімізді өз уақытында орындап, тек қана алғыс алып жүрейік. Берген антымызды естен бір сәтке де ұмытпайық.

Қолданылған әдебиеттер.

- “Хирургиялық деонтология” Ізімбергенов Н.І.
- www.google.ru